


Математика – логика

1) Берілген пирамидаға жоғарыдан қарағанда қалай болып көрінеді?

Какой из предложенных вариантов соответствует виду сверху для данной пирамиды?



2) $|-5| - |-2| + |-3| - |+3| - | -(-5) - 1 | + |2+3| = ?$

- A) 2
B) 4
C) 6
D) 8
E) 10

3) Күнде түсі уақытта Атлантика мұхиты арқылы Лиссабоннан Нью-Йоркқа кеме шығады және дәл сол уақытта Нью-Йорктан Лиссабонға сол мекеменің басқа кемесі шығады. Екі бағыттағы кемелердің саяхаттары тура алты күнге созылады. Лиссабоннан Нью-Йоркқа баратын кеме жол бойы қарсы бағытта жүзген сол мекеменің неше кемесін көреді?



Каждый день в полдень из Лиссабона в Нью-Йорк отправляется пароход через Атлантический океан, и в то же самое время пароход той же компании отправляется из Нью-Йорка в Лиссабон. Переезд в том и другом направлении совершается ровно за шесть дней. Сколько судов своей компании, идущих в противоположном направлении, встречает пароход на пути из Лиссабона в Нью-Йорк?


- A) 13
B) 12
C) 10
D) 8
E) 7

4) $\frac{44444 \cdot 33333}{12 : 2 : 2 + 6 : 3 : 2} : \frac{22222 \cdot 11111}{1 + 10 : 2} = ?$

- A) 6
B) 7
C) 8
D) 9
E) 10

5) Жүргізушілерге негізгі жолды айналып өтуге тура келеді. Онда олардың жолы неше километрге ұзарады?

Водителям приходится объезжать данный участок по объездному пути, отмеченному на плане пунктиром. На сколько километров увеличивает путь этот объезд?



- A) 14 км
- B) 10 км
- C) 7 км
- D) 4 км
- E) 2 км

6) Саяхатшы 1 минутта 100 м жол жүреді. Ол 1 сағатта неше километр жол жүреді?

За 1 минуту турист проходит 100 м.





Сколько километров он проходит за 1 час?

- A) 60 км
- B) 6 км
- C) 6000 км
- D) 10 км
- E) 0,6 км



7) Төмендегі жауаптардың қайсысы берілген фигурамен бірдей болады?

Какая из фигур в точности соответствует данной?



8) Миллион бұйымның салмағы 84,7 тонна болса, онда осындай бір бұйымның салмағы неше грамм болады?

Миллион изделий весит 84,7 тонн. Сколько грамм весит одно такое изделие?

- A) 8470 грамм
- B) 847 грамм
- C) 84,7 грамм
- D) 8,47 грамм
- E) 0,847 грамм

9) Саудагер плащты, шляпаны және калошты 14000 теңгеге сатып алды. Плащтың бағасы шляпаның бағасынан 9000 теңгеге артық, ал шляпа мен плащтың бағасы калоштың бағасынан 12000 теңгеге артық. Әр заттың бағасы қандай?



Купец купил плащ, шляпу и калоши и заплатил за все 14000 тг. Плащ стоит на 9000 тг больше, чем шляпа, а шляпа и плащ вместе на 12000 тг больше, чем калоши. Сколько стоит каждая вещь в отдельности?

- А) Калош – 1000 тг, шляпа – 2000 тг, плащ – 11000 тг.
 В) Калош – 2000 тг, шляпа – 3000 тг, плащ – 9000 тг.
 С) Калош – 1500 тг, шляпа – 2500 тг, плащ – 10000 тг.
 D) Калош – 500 тг, шляпа – 1000 тг, плащ – 10000 тг.
 Е) Калош – 1500 тг, шляпа – 2000 тг, плащ – 11000 тг.

10) Теңдеуді шешіңіз:

Решите уравнение:

$$\left(3 - \frac{1}{2}\right) \cdot x = 7 \frac{6}{12}$$

- А) 1
 В) 2
 С) 3
 D) 4
 Е) 5

11) Екі жұмысшы 450 картоп тазалады: біріншісі бір минутта үш картоп тазалаған, екіншісі – екі картоп. Екінші жұмысшы бірінші жұмысшыға қарағанда 25 минут артық жұмыс істеді. Әр жұмысшы қанша уақыт жұмыс істеді?



Двое очистили 450 картофелин: первый очищал три картофелины в минуту, второй – две. Второй работал на 25 минут больше первого. Сколько времени работал каждый?

- А) Бірінші – 60 минут, екінші – 85 минут.
 Первый – 60 минут, второй – 85 минут.
 В) Бірінші – 65 минут, екінші – 90 минут.
 Первый – 65 минут, второй – 90 минут.
 С) Бірінші – 70 минут, екінші – 95 минут.
 Первый – 70 минут, второй – 95 минут.
 D) Бірінші – 75 минут, екінші – 100 минут.
 Первый – 75 минут, второй – 100 минут.
 Е) Бірінші – 80 минут, екінші – 105 минут.
 Первый – 80 минут, второй – 105 минут.

12) Бөлшекті қыскартыңыз:

Сократите дробь:

$$\frac{18 \cdot 31 + 14 \cdot 31}{19 \cdot 31 - 15 \cdot 31}$$

- А) 2
 В) 4
 С) 6
 D) 8
 Е) 10

13) Алты ағаш ұстасы мен бір шеберден құралған топ бір жұмысты жасады. Әр ағаш ұстасы 20000 тг ақша тапты, ал шебер – барлық жеті жұмысшының алған ақшасының орташасынан 3000 тг артық алды. Шебер қанша ақша тапты?




Бригада из шести плотников и столяр взялась выполнить некоторую работу. Каждый плотник заработал по 20000 тг, столяр же – на 3000 тг больше, чем заработал в среднем каждый из семерых членов бригады. Сколько заработал столяр?

- A) 22500 тг
- B) 23000 тг
- C) 23500 тг
- D) 24000 тг
- E) 24500 тг

14) Суретте неше шаршы бар?


Сколько квадратов на этом рисунке?



- A) 13
- B) 14
- C) 15
- D) 16
- E) 17

15) Суретте көрсетілген жүйенің тепе-теңдікте қалуы үшін _____.

Для поддержки груза изображенного на рисунке _____.



- A) А шынжыры жеткілікті / достаточно цепи А
- B) В шынжыры жеткілікті / достаточно цепи В
- C) екі шынжыр да қажет / нужны обе цепи
- D) екеуінің де қажеті жоқ / цепи не нужны
- E) В шынжырын алып тастау керек / нужно убрать цепь В


16) Жер телімінің ұзындығы 54м, ені – 48м. Жердің 5/9 бөлігі картоппен егілген. Қалған бөлігі – қырыққабатпен. Қырыққабатпен егілген жердің ауданын табыңыз.

Длина участка земли 54м, ширина – 48м. 5/9 площади засажено картофелем. Остальная часть участка – капустой. Какая площадь засажена капустой?

- A) 1152 м²
- B) 1440 м²
- C) 1500 м²
- D) 2060 м²
- E) 2592 м²

17) AD, BE және CF түзулері O нүктесінде қиылысады. $\angle AOF=57^\circ$, $\angle DOE=59^\circ$ болса, $\angle BOC$ бұрышы неге тең?

Прямые AD, BE и CF пересекаются в точке O так, что $\angle AOF=57^\circ$, $\angle DOE=59^\circ$. Найдите $\angle BOC$.



- A) 61°
- B) 62°
- C) 63°
- D) 64°
- E) 65°


18) Ананың жасы қызының жасынан 11 есе үлкен. Екі жылдан кейін ананың жасы қызының жасынан 7 есе үлкен болады. Ана мен қыздың жасы нешеде?

Мама в 11 раз старше дочери. Через два года она будет старше дочери в 7 раз. Сколько лет матери и дочери?

- A) 22; 2
- B) 33; 3
- C) 44; 4
- D) 55; 5
- E) 28; 4

19) Центрі O және радиусы 5см болған шеңбер суреттегідей ABCD шаршысына іштей сызылған. Шаршының боялған бөлігінің ауданын табыңыз. ($\pi = 3$)

Окружность с центром O и радиусом 5см вписана в квадрат ABCD. Найдите площадь закрашенной части квадрата. ($\pi = 3$)



- A) 75 см^2
- B) 45 см^2
- C) 30 см^2
- D) 27 см^2
- E) 25 см^2

20) Сұрақ белгілерінің орнына жауаптардың қайсысы сәйкес келеді?

Какое из следующих сочетаний знаков должно продолжить этот ряд:

XYYYYXXYYYYXXX????...

- A) YXXX
- B) YYXX
- C) XYYY
- D) YYYX
- E) YYYY

21) Бауыржанда 100 ақ және қара мысық бар. Ең кемінде бір мысық қара екені және кез келген екі мысықтың ең кемінде біреуі ақ екені белгілі. Бауыржанда неше қара мысық бар?




У Бауыржана 100 кошек, некоторые из них белые, некоторые – черные. Известно, что хотя бы одна кошка черная, а из двух кошек хотя бы одна – белая. Сколько черных кошек у Бауыржана?

- A) 1
- B) 49
- C) 50
- D) 99
- E) 2

22) Жалпы жүйе бойынша өзгеше суретті табыңыз.

Какой рисунок выбивается из общей системы?



- A) 4
- B) 7
- C) 9
- D) 11
- E) 14

23) Ежелгі Римде философтар бір-бірінен мынадай есеп сұрауды ұнатқан: жесір әйел күйеуінен қалған 7000 алтынды дүниеге келейін деп жатқан сәбімен бөлісуі керек. Егер ұл туса, онда анасы ұлға тиісті мұраның жартысын алуы керек. Егер қыз туса, онда анасы қызға тиісті мұраның екі есесін алады. Бірақ дүниеге егіз келді – ұл мен қыз. Барлық шарттардың орындалуы үшін алтындарды қалай бөлу керек?



В Древнем Риме философы-законники любили задавать друг другу такую задачу: вдова обязана оставшееся после мужа наследство в 7000 золотых разделить с ребенком, который должен родиться. Если это будет сын, то мать по римским законам получает половину сыновней доли. Если родится дочь, то мать получает двойную долю дочери. Но случилось так, что родились близнецы – сын и дочь. Как следует разделить наследство, чтобы были выполнены все требования закона?

- A) Ана – 1000, ұл – 2000, қыз – 4000.
Мать – 1000, сын – 2000, дочь – 4000.
- B) Ана – 3000, ұл – 6000, қыз – 1000.
Мать – 3000, сын – 6000, дочь – 1000.
- C) Ана – 1000, ұл – 4000, қыз – 2000.
Мать – 1000, сын – 4000, дочь – 2000.
- D) Ана – 2000, ұл – 4000, қыз – 1000.
Мать – 2000, сын – 4000, дочь – 1000.
- E) Ана – 2000, ұл – 4000, қыз – 2000.
Мать – 2000, сын – 4000, дочь – 2000.

24) Теңсіздікті шешіңіз:

Решите неравенство:

$$6 - 1,4x \leq 0,8 + 1,2$$

- A) $x \geq 4$
- B) $x \leq 1,4$
- C) $x \leq 20/7$
- D) $x \geq 20/7$
- E) $x \leq 4$

25) Теңсіздікті шешіңіз:

Решите неравенство:

$$2 - \frac{x+5}{3} > \frac{2x-4}{6}$$

- A) $x > 3$
- B) $x < 1,5$
- C) $x < 3$
- D) $x > 2/3$
- E) $x < 2$

26) Диаметрлерінің ұзындығы 6см және 8см болған шеңберлердің ұзындықтарының қосындысы неге тең? ($\pi = 3$)

Найдите сумму длин окружностей с диаметрами 6см и 8см. ($\pi = 3$)

- A) 42 см
- B) 45 см
- C) 48 см
- D) 51 см
- E) 54 см

27) Теңдеуді шешіңіз:

Решите уравнение:

$$x : \left(\frac{7}{12} - \frac{1}{3} \right) = \frac{4}{5}$$

- A) 5
- B) 16/5
- C) 1
- D) 1/4
- E) 1/5

28) Теңдеуді шешіңіз:

Решите уравнение:

$$\frac{14,4}{12} = \frac{x}{\frac{10}{3}}$$

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

29) Есептеңіз:

Вычислите:

$$\frac{1}{1 \cdot 2} + \frac{1}{2 \cdot 3} + \frac{1}{3 \cdot 4} + \frac{1}{4 \cdot 5} + \dots + \frac{1}{9 \cdot 10}$$

- A) $\frac{9}{10}$
- B) $\frac{9}{100}$
- C) $\frac{9}{1000}$
- D) $\frac{1}{9}$
- E) $\frac{1}{90}$

30) Есептеңіз:

Вычислите:

$$\left(\underbrace{\frac{2}{5} + \frac{2}{5} + \frac{2}{5} + \dots + \frac{2}{5}}_{30 \text{ рет (раз)}} - \underbrace{\frac{2}{3} - \frac{2}{3} - \frac{2}{3} - \dots - \frac{2}{3}}_{15 \text{ рет (раз)}} \right)$$

- A) 0
- B) 1
- C) 2
- D) 3
- E) 4

31) Теңдеуді шешіңіз:

Решите уравнение:

$$\frac{3x - 0,1}{0,3} = \frac{20}{3}$$

- A) 7
- B) 0,7
- C) 0,5
- D) 0,3
- E) 0,1

32) Ықшамдаңыз:

Сократите:

$$\frac{\frac{1}{2} + x + \frac{1}{3} - x + \frac{1}{6}}{\frac{1}{8} - y + \frac{1}{4} + y + \frac{3}{2}}$$

- A) 15/8
- B) 4/15
- C) 8/15
- D) 15/4
- E) 8/7

33) Теңдеуді шешіңіз:

Решите уравнение:

$$\frac{10}{1 + \frac{1}{1 + \frac{1}{x}}} = 6$$

- A) 2
- B) 4
- C) 6
- D) 8
- E) 10

34) Есептеңіз:

Вычислите:

$$\frac{\left| \frac{2}{5} - \frac{1}{2} \right| + 1}{\left| \frac{1}{3} - \frac{2}{7} \right| + 1}$$

- A) 21/20
- B) 1
- C) 19/20
- D) 9/10
- E) 17/20

35) Есептеңіз:

Вычислите:

$$\frac{|(-1)^3| + |(-1)^4| - |(-1)^5| - |(-1)^6|}{|(-1)^3| - (-1)}$$

- A) 0
- B) 1
- C) 2
- D) 3
- E) 4

36) $f(x) = \frac{3x-5}{2}$ функциясы үшін $f(3) + f(5)$ -ті табыңыз.

Дана функция $f(x) = \frac{3x-5}{2}$. Найдите

$f(3) + f(5)$.

- A) 5
- B) 6
- C) 7
- D) 8
- E) 9

37) Периметрі 20 см-ге тең ABC үшбұрышының AB қабырғасы BC қабырғасынан 3 см ұзын, BC қабырғасы AC қабырғасынан 5 см қысқа. Үшбұрыштың ең ұзын қабырғасы нешеге тең?

Дан треугольник ABC с периметром 20 см. Сторона AB длиннее стороны BC на 3 см, сторона BC короче стороны AC на 5 см. Чему равна длина самой длинной стороны?

- A) 11 см
- B) 9 см
- C) 7 см
- D) 4 см
- E) 3 см

38) «А» әрібінің орнына қандай сан келеді? Догадайтесь, какая цифра в выражении заменена буквой «А»:

$$1A \cdot A = 7A$$

(7A және 1A екі таңбалы сандар)

(7A и 1A двузначные числа)

- A) 5
- B) 6
- C) 7
- D) 8
- E) 9

39) Теңсіздікті шешіңіз:


Решите неравенство:

$$2(x-1) + 3(2-x) > 4(2x+1)$$

- A) $x > 9$
- B) $x < 1/9$
- C) $x < 9$
- D) $x > 0$
- E) $x < 0$

40) Мотоцикл мен машинаның қозғалыс графиктері берілген. Машинаның алғашқы 2 сағатта жүрген жолы мен мотоциклдың алғашқы 3 сағатта жүрген жолының қосындысын табыңыз.

Дан график движения мотоцикла и машины. Найдите сумму расстояний проходящих машиной за первые 2 часа и мотоциклом за первые 3 часа.



- A) 40
- B) 45
- C) 50
- D) 55
- E) 60

Қазақстан тарихы / История Казахстана

41) Парсы жазбаларындағы «сак» сөзінің мағынасы:

В древних персидских источниках слово «сак» означает:

- A) «Жауынгерлер» / «Воины»
- B) «Көшпенділер» / «Кочевники»
- C) «Азиялық түркілер» / «Азиатские тюрки»
- D) «Күдіретті еркектер» / «Могучие мужи»
- E) «Алтын сақшылары» / «Стерегищие золото»

42) Тайпа мен оның мекендеген жері арасында қатесін табыңыз:

Определите ошибку среди племен и мест их расселения:

- A) Үйсін – Жетісу
Уйсуны – Жетысу
- B) Қаңлы – Оңтүстік Қазақстан
Канглы – Южный Казахстан
- C) Исседон – Шығыс Қазақстан
Исседоны – Восточный Казахстан
- D) Сармат – Батыс Қазақстан
Сарматы – Западный Казахстан
- E) Дах – Маңғыстау
Дахи – Мангыстау

43) Сақ тайпалық одағына енбеген:

Не входили в состав сакских племенных союзов:

- A) Тиграхауда / Тиграхауда
- B) Хаумаварга / Хаумаварга
- C) Парадарайа / Парадарайа
- D) Аккад / Аккад
- E) Исседон / Исседон

44) Сақтардың археологиялық ескерткіштеріне жатпайды:

Не является археологическим памятником саков:

- A) Шірік-Рабат / Чирик-Рабат
- B) Бәбіш-Молда / Бабиш-Молда
- C) Шілікгі / Шиликти
- D) Берел / Берель
- E) Ақтас / Актас

45) Қола дәуірінде Қазақстанды мекендеген тайпалар:

Племена, населявшие территорию Казахстана в бронзовом веке:

- A) Үйсін / Уйсун
- B) Андрон / Андрон
- C) Қаңлы / Канглы
- D) Сармат / Сармат
- E) Исседон / Исседон

46) Тас дәуірі кезеңдерінің дұрыс хронологиялық реті:

Правильная хронологическая последовательность периодов каменного века:

- A) Неолит, палеолит, мезолит
- B) Палеолит, мезолит, неолит
- C) Мезолит, неолит, палеолит
- D) Неолит, мезолит, палеолит
- E) Мезолит, палеолит, неолит

47) Ғұндар билеушілерінің есімдері:

Имена правителей гуннов:

- A) Еділ, Мөде / Аттила, Моде
- B) Спаргапис, Скунха / Спаргапис, Скунха
- C) Шырақ, Спитамен / Ширак, Спитамен
- D) Арсақ, Томирис / Арсақ, Томирис
- E) Ескендір, Кир / Ескендр, Кир

48) Орта тас ғасырдың (мезолит) ең үлкен жетістіктердің бірі:

Одно из больших открытий среднего каменного века (мезолит):

- A) Фарфор ойлап табылды
Был изобретен фарфор
- B) Жібек мата ойлап табылды
Был изобретен шёлк
- C) Отты пайдалана бастады
Начали использовать огонь
- D) Садақ ойлап табылды
Был изобретен лук (оружие)
- E) Темір игеріле бастады
Начали осваивать железо

49) Тас дәуіріне жататын термин:

Термин, относящийся к каменному веку:

- A) Ақинақ / Акинак
- B) Диадема / Диадема
- C) Чоппер / Чоппер
- D) Саркофаг / Саркофаг
- E) Дромос / Дромос

50) Сармат-сақ қоғамына тән ерекшелік:

Особенность сармато-сакского общества:

- A) Әскери демократия
Военная демократия
- B) Феодалдық қоғам
Феодалное общество
- C) Монархиялық жүйе
Монархическая система
- D) Олигархиялық басқару
Олигархическое правление
- E) Хандық билік
Ханская власть

Қазақ тілі (қазақ тобы)

Жауап парағына өз тобыңызды белгілеп,
қазақ тілі сұрақтарына сол топ бойынша
жауап беріңіз.

51) Септік жалғауларының түбірге сіңісіп,
көнеленуі арқылы жасалған туынды үстеулерді
табыңыз.

- A) Сұңқардайын, осылай
- B) Анағұрлым, соншалық
- C) Балаша, қыстай
- D) Жаздыгүні, күн ұзаққа
- E) Қапыда, текке

52) Дауысты мен дауыссыз дыбыстың барлық
түрі кездесетін сөзді табыңыз.

- A) Руханият
- B) Құдірет
- C) Мұғалім
- D) Мүсәпір
- E) Ғанибет

53) Қай сөйлемде есімшенің жұрнағы жоқ?

- A) Әсет маған мен ұнатпайтын әндерді
үйретпейтін.
- B) Бұл жіппен қаптың аузын байламақ.
- C) Әкеме кешегі әңгімені енді айтпауға
болмайды.
- D) Амангелдінің жоқ жерден сөз тапқанын
ешкім аңғарған жоқ.
- E) Келесі жылы Алматы қаласына барар.

Қазақ тілі (орыс тобы)

В листе ответов укажите свою группу и
ответьте на вопросы по казахскому языку
по соответствующей группе.

51) Қай етістіктің түрі іс-әрекеттің
орындалмағанын білдіреді?

- A) болымды етістік
- B) күрделі етістік
- C) болымсыз етістік
- D) негізгі етістік
- E) туынды етістік

52) Қай сөйлемде мезгіл үстеуі бар?

- A) Ағай осы жерге бірнеше рет келді.
- B) Ат айналып қазығын табады.
- C) Олар сыныпқа екі-екіден кірді.
- D) Амалсыздан үйлеріне кірді.
- E) Пойыздан таңертең түсті.

53) Бос орынға сәйкес келетін жауапты
табыңыз.

- A: Алматы–Астана пойызы қашан келеді?*
*B: Теміржол вокзалына алтыға он бес минут
қалғанда келеді.*
*A: Біздің үйден вокзалға қанша уақытта
барамыз?*
B: Жиырма минутта жетеміз.
*A: Онда жарты сағаттан кейін шығуымыз
керек. Себебі вокзалға пойыздан бес минут
ерте баруымыз керек.*
B: Сонда қазір сағат қанша болды?
A: _____.

- A) Сағат беске он минут қалды.
- B) Сағат бестен он минут кетті.
- C) Сағат бес болды.
- D) Сағат төрт жарым болды.
- E) Сағат беске бес минут қалды.

Қазақ тілі (қазақ тобы)

54) Бос орынға қай шылауларды қойғанда, Әсеттің Арманға қарағанда есепті жақсы шығаратыны туралы мағына шығады?

Арман _____ Әсеттің _____ бұл есепті шығаруға шамасы келмейді.

- A) да / де
- B) және / де
- C) түгіл / де
- D) мен / де
- E) әлде / бе

55) Жақтың кең ашылуы арқылы жасалатын дауысты дыбыстың түрін табыңыз.

- A) Қысаң дауысты дыбыс
- B) Ашық дауысты дыбыс
- C) Жуан дауысты дыбыс
- D) Жіңішке дауысты дыбыс
- E) Еріндік дауысты дыбыс

56) Қай қатардың ережесі көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін атауларды білдіреді?

- A) Деректі зат есім
- B) Дерексіз зат есім
- C) Туынды зат есім
- D) Дара зат есім
- E) Күрделі зат есім

57) Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- A) Оның сақал-мұрты аппақ.
- B) Марат – ұзынша бойлы, сымбатты жігіт.
- C) Кезінде жап-жақсы ән салатын.
- D) Маған ол өте сымбатты көрінді.
- E) Ең тамаша күндер артта қалғандай еді.

Қазақ тілі (орыс тобы)

54) Салыстырмалы шырайды табыңыз.

- A) Сарылау
- B) Көкпеңбек
- C) Қара
- D) Өте үлкен
- E) Аппақ

55) Қайсысы зат есімнің ережесіне қайшы?

- A) заттың атауын білдіреді
- B) құбылыстың атауын білдіреді
- C) ұғымның атауын білдіреді
- D) жалқы есімдердің атауын білдіреді
- E) кимылдың атауын білдіреді

56) Қай әріп дыбысталуы бойынша өзгелерінен басқаша?

- A) ә
- B) о
- C) я
- D) а
- E) ы

57) Өткен шақта болған іс-қимылды табыңыз.

- A) Біздің қалаға барғымыз келеді.
- B) Олар бұл мерекені жақсы көреді.
- C) Мен анамды жаңа жылымен құттықтадым.
- D) Сен кітап оқып жатырсың ба?
- E) Олар күнде футбол ойнайды.

Қазақ тілі (қазақ тобы)

58) Жалпылау есімдігі қатысып тұрған сөйлемді табыңыз.

- A) Әлдекімнің дауысы естіліп жатыр.
- B) Өз үйім – өлең төсегім.
- C) Күллі адамзат баласының тілегі де осы еді.
- D) Оспан осыны көргеннен-ақ Сымағұлдың қасынан кете алмады.
- E) Көшеде ешбір дыбыс жоқ.

59) Бос орынға сәйкес келетін жауапты табыңыз.

A: Алматы–Астана пойызы қашан келеді?

B: Теміржол вокзалына алтыға он бес минут қалғанда келеді.

A: Біздің үйден вокзалға қанша уақытта барамыз?

B: Жиырма минутта жетеміз.

A: Онда жарты сағаттан кейін шығуымыз керек. Себебі вокзалға пойыздан бес минут ерте баруымыз керек.

B: Сонда қазір сағат қанша болды?

A: _____ .

- A) Сағат беске он минут қалды.
- B) Сағат бестен он минут кетті.
- C) Сағат бес болды.
- D) Сағат төрт жарым болды.
- E) Сағат беске бес минут қалды.

60) Қай дыбыс еріннің дөңгеленіп алға қарай созылуы арқылы жасалады?

- A) ы
- B) і
- C) ә
- D) е
- E) ө

Қазақ тілі (орыс тобы)

58) «-ып, -іп, -п» тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы қандай шақ жасалады?

- A) Болжалды келер шақ
- B) Бұрынғы өткен шақ
- C) Ауыспалы осы шақ
- D) Ауыспалы келер шақ
- E) Жедел өткен шақ

59) Ұлы Отан Соғысы 1945 жылы 9 мамырда Кеңес елінің жеңісімен аяқталды. Бұл нағыз ұлы жеңіс болды. Сондықтан да осы күнді халықтар жыл сайын атап келеді. Бұл күн – Қазақстан Республикасында да белгілі мерекелердің бірі.

Үзіндіге қарап, төмендегілердің ішінен мағынасы қате сөйлемді табыңыз.

- A) 9 мамыр – Жеңіс күні.
- B) Кеңес елі Ұлы Отан Соғысында жеңіске жетті.
- C) Жеңіс күні – Қазақстан Республикасындағы белгілі мерекелердің бірі.
- D) Халықтар жыл сайын Ұлы Отан соғысын еске алады.
- E) 1945 жылы 9 мамырда Ұлы Отан Соғысы аяқталды.

60) «Қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөзді табыңыз.

- A) Еденді жуды
- B) Су тамды
- C) Кітап оқыған
- D) Тәрбиелі бала
- E) Үйді жинады